

1994 жылы туған азаматтарды "Ақтөбе қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде тіркеуді өткізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 17 шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 желтоқсанда № 3-1-146 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 27 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімінің 2011.11.29 № 27 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасындағы әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы» Қаулысын орындау үшін, Қазақстан Республикасының 2001 жылы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33, 37 баптары негізінде қала әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2011 жылдың 10 қаңтарынан 31 наурызы аралығында «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу жылы 17 жасқа толатын 1994 жылы туылған азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген, Ақтөбе қаласының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеу жүргізілсін.

Шараларды орындауға байланысты шығындар жергілікті бюджет қаржылары есебінен жүзеге асырылады.

2. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасына (Қ.Қ. Сабыр, келісім бойынша) «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қарамағына:

1) тіркелушілерге медициналық куәләндіруді өткізу үшін дәрігер-мамандарды және медбикелерді;

2) тіркелушілерді медициналық құжаттармен сапалы және толық қамтамасыз ету үшін жеткіншектер кабинеттерінің дәрігерлерін;

3) шақыру учаскесіне шақырушылар санының көбеюі нәтижесінде қосымша медициналық тексеруден өткізу үшін дәрігер-мамандарды және медбикелерді;

4) дәрігер-мамандардың резервтік құрамын;

5) медициналық комиссия жұмысы үшін қажетті медициналық мүліктерді,

құралдарды және дәрі-дәрмектерді бөлу ұсынылсын.

3. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және оқу орындарының басшыларына:

1) тіркеуге жататын азаматтарға оларды қалалық шақыру пунктіне шақырғаны туралы хабар беру және олардың бұл шақыру бойынша уақытында келуін қамтамасыз ету;

2) әскер жасына дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындауға қажетті уақытқа олардың жұмыс (оқу) орындарындағы айлығын (стипендиясын) сақтай отырып, жұмыстан (оқудан) босату.

3) техникалық қызметкерлердің қажетті санын бөлу ұсынылсын.

4. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (А.А. Арынғазиева) «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (Т.К. Бөлтеев) бірлесе отырып, қала мектептерінде оқитын барлық 1994 жылы туылған азаматтарды тіркеумен толық қамтуды бақылауды жүзеге асыру ұсынылсын. Тіркелу кезінде анықталған барлық орта білімі жоқ азаматтарды кейіннен күндізгі және сырттай жалпы білім беру мектептерінде оқытатындай етіп есепке алсын.

5. Ақтөбе қалалық ішкі істер басқармасына (Қ.М. Мырзабеков, келісім бойынша) полиция нарядын: шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін екі адам және іздестіру тобы үшін екі адам бөлу ұсынылсын.

6. Қалалық әділет басқармасына (В.Т. Мамбетова, келісім бойынша), № 2 қалалық сотқа (А.А. Құрмантаев, келісім бойынша), органдар мен ұйымдарға тіркеу жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 18 бабында көзделген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Селолық округтер әкімдері «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талабы бойынша әскер жасына дейінгілерді және әскерге шақырылушыларды оларды шақыру пунктіне шақырылғандығы туралы хабарласын және жеткіншектердің уақытында келуін қамтамасыз етсін.

8. «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы (Т.К.Бөлтеев) азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар алсын. Тіркеу қорытындысы туралы 2010 жылдың 11 сәуірінде қала әкіміне хабарласын.

9. Қала әкімінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 14 «1993 жылы туылған азаматтарды «Ақтөбе қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде тіркеуді өткізу туралы» шешімінің (2010 жылғы 5 қаңтардағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3-1-125 болып тіркелген, 2010 жылғы 12 қаңтардағы № 3

